

# АТА ДІНІМІЗ АДАСҚАН АҒЫМДАРМЕН ТАМЫРЛАС ЕМЕС

Негізінде, Ислам – универсалды дін. Ол тек құлшылық атрибуттарынан ғана тұрмайды. Немесе ол тек мешітке ғана байланып тұрған дін емес. Рас, Исламның негізгі тірегі ол – құлшылық. Ол құлшылық аясындағы кең мағыналы ұғымды білдіреді. Ол жайында Құранда «Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» – дейді («Әз-Зәрият» сүресі, 56-аят). Бірақ ол құлшылық белгілі бір уақытты, белгілі бір орынды ғана қамтитын құлшылық емес. Ол құлшылық адамның бүкіл өмірін, тағдырын қамтиды. Яғни, Исламды қандай да бір жасанды түрде шектеушілік ол еш уақытта Исламға алып бармайды. Ислам – біздің ойымызға, қандай да бір іс-әрекеттерімізге бағынбайды. Керісінше, біздің бар ой-пікіріміз, іс-әрекеттеріміз, армандарымыз Ислам үкімі мен талаптарына үндесіп отыруы керек-ақ. Адам баласының өмірі Исламға байлаулы. Исламнан тыс адам баласы өшкәндай да бақытқа, жақсылыққа жете алмақ емес. Ислам – адам өмірінің бар тұсына араласа алады. Адам өмірінің, қоғамның бір мәселелерін қарастырып, енді бір мәселелерінде шорқақтық танытатын ол өсте шектеулі дін емес. Бұл арада исламның имманенттік атрибуттары аясында кеңірек баяндауға да болады.

Жалпы Ислам адамдарды зардаптарға ұшыратып, азаптарға салу үшін емес, жер бетінде бүлікшілік жасап, қиратуға емес, оны бақытқа жеткізу үшін, не қаранғыдан жарыққа шығару үшін, уайым-қайғыдан, күдіктен, жүрек тыныштығына, жан рашатына түсіру үшін, өркениетке, мәдениетке жеткізу үшін келген дін. Кімде-кім Исламнан осы нәрселерді таба алмаса, онда Исламды емес, өзін кінәласін. Оған Ислам емес, өзінің надандығы, шектеулі ой-пікірі, бейғамдығы кінәлі болуы мүмкін.

Шындығында, бүгінгі халіміз қандай? Жарты әлемді билеген қаһарлы кеңес империясы 1991 жылы тарқайды. Атеизмнің айтулы ордасы болған империя өз ықпалынан айырылды. Бұл оқиғаны бәлкім Құран Кәрімдегі Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Израил халқын залым патша Ферғауынның шеңгелінен Алла Тағала қолдауымен босатып, Қызыл теңізді қақ жарып алып шығуымен теңеуге болар.

Біз қазақ халқы, Қазақстан елі сондай бір үлкен құлдық қамытынан Алла Тағала көмегімен құтылдық.

Тәуелсіздікті мүмкіндік деп түсіну керек. Алла бізге өз қолымызды өзімізге жеткізіп, үлкен мүмкіндік беріп отыр. Осы тарихи сәтті дұрыс пайдаланып қалу керек. Сонда тәуелсіздік тұғыры беки түспек. Ол тұғырдың мықты болуының үлкен шарты – Алла Тағаланың хақиқат діні Исламға деген біздің көзқарасымыз. Біздің жаңа құрған мемлекетіміздің үлкен силаты – оның Қазақстан өкендігі және ол елдің халқы мұсылман елі өкендігі. Осы қағиданы бізден ажырату үшін кеңес елі көп жұмыс жасады. Енді сол зардаптардың орнын толтыруымыз керек.

Тәуелсіздіктің алғашқы

тұсында біз көбіне эйфория халінде болдық. Дінге деген 70 жылғы сағыныш біздің тұла бойымызды көрнеп тұрды. Соның нәтижесінде көптеген жақсылықтар көрдік, екіншіке орай көптеген мәселелерге де тап болдық.

Жақсылықтар: дінге кең даңғыл жол ашылды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылып, халыққа дін тарату ісіне ұйытқы болып отыр. Бұл жерде бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің де дін үшін жасап кеткен еңбегін айта кету керек. Діни басылымдар жарық көре бастады. Осы орайда «Шапағат-нұр» журналы, «Ислам және өркениет» газеті сынды басылымдар халыққа кең тарағанын айта кету керек.

Атақты ғалымымыз Халифа Алтай қазақ ұлтының тарихында тұңғыш рет Құран Кәрімді қазақ тіліне тәржімалап, үлкен игілікті іс атқарды. Бұл, біле білсек, тәуелсіздік тұсындағы ірі діни-тарихи оқиға болды. Мешіттер самсап салына бастады. Ислам дінінің қасиетті ошағы Мекке қаласындағы Қағбаға тауаф ету үшін қазақстандықтар еркін мүмкіндік алды. Діни оқу орындары, медреселер ашыла бастады. Халық жаппай дінге бет бұра бастады.

Мәселелер: Алайда айтарлықтай екіншітер де жоқ емес, ағайын. Ауруын жасырған өледі. Оларды жанымызға ауыр тесе де айтпасақ болмас. Тәуелсіздік игілігін дін тұрасында толық пайдаланып жатырмыз ба? Еркіндік алған елімізге Ислам дінімен қатар, Міржақып Дулатов айтқан миссионерлер де селдей қаптап кіре бастады. Халық санының 70%-ы мұсылман елде әп-сәтте жүздеген діни ұйымдар мен ағымдар пайда бола қалды. Әсіресе, солардың ішіндегі иеговолардың ел ішінде салып жатқан бүлігі айрықша. Ата-бабымыз ғұмырында естіп көрмеген иегово – деген құдайдың атын олар қазақтардың санасына тартынбай, үлкен бір құлшыныспен сіңіріп жатыр. Еңбектері еш болмай, кейбір деректерге қарағанда мыңдаған қаракез қазақ иегово дініне өтіп кеткені туралы деректер мағлұм болып жатыр. Бұларға бір тыйым болмаса, өлге тигізер зардабы орасан зор болмақ.

Рас, Ислам дінінің ішінде де кейбір сыңаржақ көреғар ағымдардың өніп-өскені жасырын емес, олар өздерінің ауру ақидаларын елге тықпалап өуре болуда. Бірақ әңгіме Ислам дініне қатысты болғанда үлкен сақтық керек. Кейбір теріс ағымдағы іс-әрекеттерді тыямыз деп жүріп, хақ Исламға зардап келтіріп алмау жағын да ойлауымыз керек. Мысалы, тәуелсіздік алған тұста шетелдік кейбір теріс ақпараттар нәтижесінде діннен бейхабар халық арасында кейбір біржақты пікірлер пайда болды. Исламды терроризммен байланыстырып, жоқ жерден дүшпан іздеу сарындары байқалып қалып жатты. Нәтижесінде орынды-орынсыз өзара күдік нышандары бой көрсетіп, бұның бәрі халықтың діннен үркіне себепші болғаны жалған емес. Бұл бізге тиімді емес. Үлкен мәселенің бірі – дін мемлекеттен бөлек деген қағида төңірегінде тұр деп айту керек. Дін мемлекеттен бөлек деген ұғым жалпы алғанда, біздің менталитетімізге сай келе бермейді. Осы түсінік

көп жағдайда діннің елімізде кең түрде қанат жаюына біраз кедер келтіретінін де айтуымыз керек.

Шындап келгенде зайырлы мемлекет деген ұғымды көбіне біржақты түсініп жатамыз. Зайырлы мемлекет болу үшін оның міндетті түрде діннен қатты бөлектенуі шарт емес. Осы орайда ел мойындаған Елбасымыз Н.Назарбаевтың: «Біз-тегіміз – түрік, дініміз – Ислам өкенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек», – деген тұжырымды ойын бағыт-бағдар ретінде ала білуіміз керек-ақ.

Ертеңіміз: Бүгінгі қоғамда діннің рөлі күннен-күнге артып келеді. Ол анық көрініп тұрған ақиқат. Осы діннің даму үрдісін қоғамға пайдалы арнаға бұру үшін біраз істерді алдын ала атқару керек. Осы ойда талқыға салу үшін біраз ұсыныстар айтсақ дейміз:

1. Дінге байланысты қалыптасқан біраз көзқарастарымызды тағы біраз мұқият түрде екшөй түсіп, жан-жақты талдау жасау керек.

2. XXI ғасырға аяқ бастық. Мектептерде өлі күнге ғылыми негізге ие емес, атеистік сарқыншақ болып табылатын дарвинизм теориясы оқытылуда. Бұл теория оқулықтардан алынып тасталуы керек. Одан өрі біз батыл түрде мектептерде Исламдық бастапқы өліппе түріндегі түсініктерді беру жағын қарастыруымыз керек. Ресей мектептерінде православие негіздерін оқыту қолға алынуда. Осы үрдіс бізге де оңтайлы болар өді.

3. Дінге байланысты мемлекеттік үлкен қамқорлық керек. Тіп қандай керек болса, экономика қандай керек болса, дінге деген қамқорлық ол да керек. Дін – стихиялы халықтық көмекті де қабылдайды, сондай-ақ, ресми мемлекеттік әлеуетті көмектерді де жатсынбайды.

4. Мемлекеттік діни оқу орындары көбейтілуі керек. Мемлекеттік діни баспалар ашылу керек. Арнайы діни студиялар немесе телеканалдар жұмыс жасауы, діни басылымдар шығарылып тұруы керек.

5. Халық дінге сусап отыр. Мемлекеттің бір міндеті діни қажеттілікті тек бақылап, реттеп отыру ғана емес, оған тікелей қамқорлық та жасап отыруы қажет. Өйткені, шын мәнісінде мемлекет, халық, дін ол – біртұтас, ажырағысыз ұғымдар.

6. Діни басқарманың ұлт, мемлекет өміріндегі алар орны қайта қаралып, оның әлеуеті, заңдық қарымы күшейтілуі тиіс деп санаймыз.

7. Қазақстанда қазақ титулды ұлт болғаны сияқты, Исламның титулды дін ретінде рәсімделуін ойластыра бастау пәзім.

8. Прозелетизмді (біреуді арбап, бір діннен бір дінге кіргізуге тырысушылық) тыюды дін туралы заңға бап ретінде өнгізу қажет.

Қорыта келгенде айтарымыз, біз санамалап көрсетіп берген жоғарыдағы ұсыныстар еліміздегі діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын облыс аумағында жүзеге асыру аясында ескерілсе екен деген тілегіміз бар.

**А.ҚАЛШАБЕК,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚМУ-дың  
доценті, ф.ғ.к.**